



КОНКУРС «Астана и Президент»

Мейірбектегі Арайлым,

№ 51 орта мектептің 10 сынып оқушысы

«Қазақстан үшін Нұрсұлтан Назарбаев –
қайталанбас тарихи тұлға»

В.Путин

Заманауи реформатор, тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуекелшіл бастамасымен өмірге келген егемен еліміздің бас қаласы - Астана төрткүл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналғаны ақиқат. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеялар, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін жерұйық іспеттес. Елбасы елорданы көшірудің онжылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде «Астананың құрылысы осынау жылдары біздің еліміздің әлеуметін танытып, бүкіл посткеңестік кеңістіктегі ең орасан мегажобаға айналды», – деп атап көрсеткен болатын.

Астананы ауыстыру туралы тарихи шешімді Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дағдарыс жағдайында жобалады, ол кезде тіпті даму болашағы тұрмақ, мемлекетіміздің ертеңі де анық емес еді.

Бүгінде Астана жас қала болғанына қарамастан, Қазақстанның басты саяси және мәдени орталығына айналып қана қоймай, сонымен қатар дүние жүзіне беделді астаналардың біріне айналуда. Елбасының белсенді әрі жемісті халықаралық қызметінің арқасында Астана әлемге танылуда.

Қазіргі таңда Астана – тас пен темірден, шыныдан тұрғызылған ғимараттар ғана емес, өз рухы бар қала. Бұл қалада жас астаналықтар буыны өсіп келеді. Елбасы айтқандай: «Біз бүгін Астананы қалай қаласак, болашақ ұрпақ Астанасы сондай болмақ. Астана – ғимараттар, көшелер немесе саяжайлар ғана емес. Астана ең біріншіден, адамдар. Астаналық адамға лайықты ішкі дүние, жоғары мәдениет болуға тиіс. Мұның барлығы бала жастан тәрбиеленуі керек. Әрбір адам бойына Астанаға деген құрмет пен сүйіспеншілік рухын сіңіру қажет».

Шынында да, бүгінгі елорда Тәуелсіз Қазақстанның және Елбасының зор жеңісі, ұлы дала құшағында ежелден бері өмір сүріп келе жатқан бабаларымыздың кейінгі ұрпақ пен тарихи-мәдени сабақтастығының, ұрпақ жалғастығының белгісі екендігі сөзсіз.

Әлемнің ең беделді саясаткерлерінің бірі Маргарет Тэтчер айтқандай: «Мемлекеттердің іргесін салған, негізін қалаушылар әрдайым дерлік қалыпқа сыймайтын тұлғалар болып келеді, ал Нұрсұлтан Назарбаевты толық мәнінде осы санатқа жатқызуға болады... Президент Назарбаев Қазақстанды бүгінгі шыққан биігіне жеткізу үшін батылдық пен сақтықтың үйлесімін пайдаланды».

Әлем көшбасшылары жана буынының өкілі Владимир Путин Ресей Президенті болған кезінде: «Қазақстан үшін Нұрсұлтан Назарбаев – қайталанбас тарихи тұлға. Себебі, қазақтардың қазір қалыптасып келе жатқандай мемлекеттік құрылымы бұрын-соңды болған жоқ. Ол – тек Қазақстанның алғашқы Президенті ғана емес, ол – қазақ, қазақстандық мемлекеттікті қалыптастырушы», - деп айтқан еді. Бұл саяси тұжырыммен келіспеу қиын. Себебі, тәуелсіздігіміздің барлық жылдары елімізді жаңа белестерге тұрақты әрі сатылы түрде, дағдарыссыз және тоқыраусыз алып келе жатқан – Нұрсұлтан Назарбаев.

Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов: «Қазақтың да өзге ұлттармен жарысатын кезі келеді», – деген болатын. Сол кезең дәл осы уақытта тәуелсіздік таңымен, заманы өсірген, дәуір тудырған тұлға Нұрсұлтан Назарбаев көшбасшы болғанда туды. Бүгінде Елбасымыздың тәуелсіздігімізді нығайта түсіп, оны сыншы сырт көздерге де мойындата отырып ТМД шеңберінде саяси, экономикалық реформаларды алдыңғы қатарға жетелеген саясатына өзіміз ғана емес, бүкіл әлем жүгінді десек, артық айтқандық болмас. Елбасының батыл ойы, тегеурінді қадамы арқылы Қазақстан көптеген халықаралық шаралардың бастамашысы, бірнеше беделді ұйымның іргетасын қалаушысы бола білуде.

Қазақстанды жер бетіндегі бейбітшіліктің көшбасшысы деп әлем айта бастады. Елінің еңсесін биіктетіп, халқын дүние жүзіне танытқан Елбасына бұған дейін саусақпен санарлық қана саясаткерлер ие болған. Бейбітшілік және алдын алу дипломатиясы сыйлығы табыс етілуі соның айқын көрінісі.

Ресей Президенті Д.Медведев «Астана – Нұрсұлтан Назарбаевтың өз туған баласы, оның үлкен жетістігі және күмәнсіз мақтанышы» дегендей, ел астанасымен бірге айтылатын Елбасы да, Елбасының төл перзенті, Есіл бойындағы ертегі қала Астана да жайнап, өркендей берсін! Әлемдік деңгейдегі астаналардың қатарында аты алтын әріппен жазылсын деп тілеймін.